

БОЛЖАМДЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ КАЛЬКУЛЯТОРЫН ПАЙДАЛАНУШЫ ҮШІН ЖАДЫНАМА

Болжамды зейнетақы калькуляторы – болашақ зейнетақыны жоспарлау құралы және пайдаланушыға Қазақстанның көп деңгейлі зейнетақы жүйесінің аясында жиынтық зейнетақының қолданыстағы компоненттерінің барлығы бойынша болашақ төлемдердің болжалды мөлшерін өз бетінше есептеу мүмкіндігін береді:

1. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен зейнетақы (базалық зейнетақы және ортақ (еңбек) зейнетақы)
2. БЖЗҚ-ға:
 - қызметкерлердің табысынан төленетін 10% міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен зейнетақы
 - жұмыс беруші еңбек жағдайы зиянды жұмыспен айналысатын қызметкерлер пайдасына аударатын 5% міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы
3. Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақы

Болжамды калькуляторда зейнетақыны есептеу үшін «Мәліметтерді енгізу» блогындағы барлық қажет жолды (туған күні, жынысы, еңбек өтілі, жинақ сомасы) толтыру керек. Сіз enpf.kz сайтындағы жеке кабинетте тіркелген болсаңыз, калькулятордағы көп жол автоматты түрде толтырылады. Жеке кабинетте авторлану кезінде жинақтаушы зейнетақы жүйесіндегі өтіл шамасы салымшының жарналары түскен күн негізінде автоматты түрде есептеледі.

Егер өтілді автоматты түрде есептеу нақты деректерге сәйкес келмесе, зейнетақыны нақты болжау үшін дұрыс мәнді қолмен енгізіңіз.

Кіріс деректерді толтырған соң «Есептеу» түймесін басу керек. Бұл ретте зейнетақы жинағының (МЗЖ есебінен құралған) болжалды мөлшері жеткілікті болған жағдайда, пайдаланушыға зейнетақы жинақтарының бір бөлігін (тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе емделуге) алу мүмкіндігі туралы хабарлайтын сырғымалы терезе пайда болады. Пайдаланушы ұсынылған опцияны таңдайтын болса, зейнетақы жинақтарын алатын жыл мен алғысы келетін соманы көрсету керек, сома қолжетімді сомадан аспауы тиіс. Сонымен қатар пайдаланушы алатын сомадан жеке табыс салығын төлем жасалған кезде бірден толық көлемде ұстап аудару немесе кейінге қалдыру нұсқаларын таңдай алады, бұл ретте салық БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алған кезде ай сайын тең үлестермен төленеді.

Әрі қарай зейнет жасына толған сәтте зейнетақы жинақтары жеткілікті болған жағдайда, пайдаланушыға келешекте сақтандыру ұйымымен өмір бойы зейнетақы төлемдерін алуға мүмкіндік беретін зейнетақы аннуитеті шартын жасау мүмкіндігі туралы хабарлайтын сырғымалы терезе пайда болады.

Пайдаланушы жоғарыда көрсетілген опцияларды таңдайтын болса, «Сіздің зейнетақыңыздың болжамы» блогында алатын жыл, болжалды алатын сома және/немесе сақтандыру ұйымынан аннуитет төлемнің болжалды мөлшері (БЖЗҚ-дан кесте бойынша төлемнің болжалды мөлшерінің орнына) көрсетіледі. Ағымдағы жылға сақтандыру ұйымына аударуға болатын зейнетақы жинақтарының сомасын enpf.kz сайтында орналастырылған басқа «Сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру ұйымынан сақтандыру төлемін есептеу калькуляторы» зейнетақы калькуляторы арқылы есептеуге болады.

«Сіздің зейнетақыңыздың болжамы» блогындағы нәтиже зейнетке шыққан жас пен күнді, жинақ таусылғанға дейінгі жыл санын (БЖЗҚ-дан кесте бойынша төлем алған жағдайда), зейнетке шыққан сәттегі еңбекақының болжалды мөлшерін және алмастыру коэффициентін қамтиды. Сонымен қатар «Сіздің зейнетақыңыздың болжамы» блогының төменгі жағында жылдар бойынша болжалды зейнетақы өзгерісінің динамикасы графика және кесте түрінде берілген. Оның үстіне, калькуляторда кемінде 60 ай қауіпті және зиянды өндірістерде жұмыс істеген қызметкерлер үшін түзету коэффициентін ескеріп БЖЗҚ-дан зейнетақыны көтеру көзделген.

Есеп нәтижесі бір-бірінен нақты инвестициялық кірістілік деңгейімен (инфляциядан жоғары кірістілік) ерекшеленетін пессимистік, реалистік және оптимистік деген үш сценариймен беріледі:

Сценарийлер	Нақты инвестициялық кірістілік
оптимистік	2,0%
реалистік	1,0%
пессимистік	0,0%

Бұл ретте, әрбір сценарий аясында зейнетақы жинақтарының бір бөлігін (50%-нан аспайтын шекте) инвестициялық портфельді басқарушы компаниялардың басқаруына аударған жағдайдағы (50% аспайтын) зейнетақы төлемдерінің динамикасын көруге болады. Аударылған бөлікке +1% мөлшерінде қосымша инвестициялық кірістілік есептеледі деп болжанып отыр. Бұл пайдаланушыға кірістілік деңгейі бойынша болжамдар өзгерісі ескерілген зейнетақы төлемдерінің мүмкін нұсқаларын көрсету үшін жасалған.

Зейнетақы есептеулерінің нәтижесі – болжалды, ол төлем кепілі бола алмайды. Пайдаланушы қандай да бір кіріс өлшемді өзгертіп, оның болашақ зейнетақыға қалай әсер ететінін бағалап, тиісті шаралар қолдана алады. Атап айтқанда, салымшы зейнетақы жинақтарын қазір алу не келешекте зейнет жасына толған кезде әлдеқайда жоғары зейнетақы төлемдерін алу туралы шешімді өз бетінше қабылдай алады. Болашақ зейнетақы мөлшеріне зейнетақы жарналарының тұрақты әрі толық болуы әсер ететінін атап өткен жөн.

Болжалды зейнетақыны есептеу нәтижесін «Басып шығару» түймесін басып шығаруға болады не «e-mail-ға жіберу» түймесін басып жеке электрондық поштаға жіберуге болады.

Болжамды зейнетақы калькуляторының есептік нәтижелерінің барлығы нақты құндық мәнде беріледі (яғни болжамның тиісті кезеңіндегі инфляция ескерілмеген)!